

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
«НҰР-СҰЛТАН ҚАЛАСЫ
МӘСЛИХАТЫНЫҢ АППАРАТЫ»
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

С. Мамтоқсан 20.11.ж.

№ 5

010000, Нұр-Сұлтан қаласы,
Бейбітшілік көшесі, 11

**Нұр-Сұлтан қалалық мәслихатының тұрақты
комиссияларының бірлескен отырысының
қаулысы**

Нұр-Сұлтан қ.

2021 жылғы 8 желтоқсан

**Электрмен жабдықтау
объектілерін, сондай-ақ
инженерлік желілерді
(электрмен жабдықтау,
жылумен жабдықтау, газбен
жабдықтау және сумен
жабдықтау) абаттандыруға,
салуға, көгалдандыруға және
санитариялық тазалауға
бөлінген бюджет қаражатын
тиімді пайдалану жөніндегі
шаралар туралы**

Нұр-Сұлтан қалалық мәслихатының тұрақты комиссиялары электрмен жабдықтау объектілерін, сондай-ақ инженерлік желілерді (электрмен жабдықтау, жылумен жабдықтау, газбен жабдықтау және сумен жабдықтау) абаттандыруға, салуға, көгалдандыруға және санитариялық тазалауға бөлінген бюджет қаражатын тиімді пайдалану жөніндегі шаралар туралы ақпаратты тыңдап және талқылап, төмендегілерді атап өтеді:

Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің ШЖҚ «Қалалық мониторинг және жедел әрекет ету орталығы» МКК (iKOMЕК109 орталығы) ұсынған деректерге сәйкес сумен жабдықтау мәселесі бойынша 41 196 өтініш келіп түсті, бұл 2020 жылмен салыстырғанда 53% - ға артық. Өтініштердің ең көп саны Сарыарқа ауданы бойынша, 48%-ы «Астана су арнасы» МКК-ға, 45%-ы тұрғын үй қорын басқарушыларға тиесілі. Өтініш берудің негізгі себептері ыстық, суық сумен жабдықтаудың болмауына, судың әлсіз қысымына, судың ағып кетуіне және сапасына байланысты мәселелер болып табылады.

Мұндай өтініштердің алдын алу мақсатында депутаттар ыстық және суық судың жиі ажыратылуының негізгі себептерін анықтауды, сондай-ақ жоспарланған сумен жабдықтауды өшіру туралы халықты хабардар ету

регламентін әзірлеуді және барлық қолданыстағы инженерлік желілерге түгендеу жүргізуді ұсынды.

Электрмен жабдықтауға қатысты 2021 жылдың басынан 21 106 өтініш келіп түсті, өтініштердің өсуі шамамен 5% - ды құрайды. Өтініштердің көпшілігі Сарыарқа ауданы бойынша, 59%-ы «Астана АЭК» АҚ-ға тиесілі. Тұрғындар негізінен электр қуатын өшіруге, электр кернеуінің ауытқуларына, тұйықталуға, кабельдің ұшқындауына, кабельдің үзілуіне шағымданады. Әсіресе, қаланың жеке секторында электр энергиясы жиі ажыратылады. Мұндай оқиғалардың негізгі себептеріне: электр беру желілері мен жабдықтардың ескіруі, электр беру желілері мен жабдықтардың жай-күйіне мониторингтің тиісті деңгейде жүргізілмеуі және т. б. жатады.

Жылумен жабдықтау мәселесі бойынша 8 332 өтініш келіп түсті, өтініштердің өсуі шамамен 51% - ды құрайды. Өтініштердің көпшілігі Сарыарқа ауданы бойынша, 62,2%-ы ПИК-ке, 15,2%-ы «Астана-Теплотранзит» АҚ-ға тиесілі. Тұрғындардың шағымдары негізінен жылудың жоқтығына, жылытудың төмен параметрлеріне, жылу трассасының булануына, жылыту жүйесіндегі ағып кетулерге және т. б. қатысты.

Жергілікті атқарушы органның бейінді басқармасы мүдделі мемлекеттік органдармен және ұйымдармен бірлесіп, жылумен жабдықтауды жиі ажырату себептерін анықтау бойынша жұмыс жүргізіп, тұрғын үйлерге қызмет көрсететін басқарушы компаниялармен түсіндіру жұмыстарын, оның ішінде жылумен жабдықтауды жоспарлы ажырату туралы тұрғындарды алдын ала хабардар ету қажеттілігі туралы түсіндіру жұмыстарын жүргізгені жөн.

Сондай-ақ, депутаттар жасыл екпелерді күтіп-ұстау және қорғау ережелерінде қарастырылған жасыл екпелер тізілімінің жоқтығын атап өтті, осыған байланысты қаланың жасыл екпелерінің түрлері, түрлік құрамы, алаңның мөлшері, жай-күйі және орналасуы туралы нақты деректер жоқ, сондай-ақ өтемдік екпелердің жүзеге асырылуын бақылау және оларды жоспарлау қажетті деңгейде қамтамасыз етілмеген. Соңғы үш жылда өтемдік ағаш отырғызуға талдау жүргізу және одан әрі мониторинг пен бақылауды жүзеге асыру үшін талдау нәтижесін мәслихатқа ұсыну қажет.

Нұр-Сұлтан қаласының тексеру комиссиясы жылу желілерін қайта жаңарту, жаңғырту, салу жөніндегі іс-шараларды іске асыру бөлігінде «Астана-Теплотранзит» АҚ-ға жүргізген мемлекеттік аудитінің қорытындысы бойынша жалпы сомасы 8 003,3 мың теңгеге сапасыз орындалған жұмыс көлемі анықталды. «Астана-Теплотранзит» АҚ бекітілген жобалық-сметалық құжаттамаға сәйкес келмейтін жұмыстарды, сапасыз орындалған жұмыстарды қабылдаған, сондай-ақ кейбір түрлері бойынша жұмыстардың орындалғаны расталмаған.

Жоғарыда баяндалғанның негізінде Нұр-Сұлтан қалалық мәслихатының тұрақты комиссиялары **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Электрмен жабдықтау объектілерін, сондай-ақ инженерлік желілерді (электрмен жабдықтау, жылумен жабдықтау, газбен жабдықтау және сумен

жабдықтау) абаттандыруға, салуға, көгалдандыруға және санитариялық тазалауға бөлінген бюджет қаражатын тиімді пайдалану жөніндегі шаралар туралы ақпарат назарға алынсын.

2. Жергілікті атқарушы органға:

Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің ЦДЖҚ «Қалалық мониторинг және жедел әрекет ету орталығы» МКК (iКОМЕК109 орталығы) қала тұрғындарының электрмен жабдықтау, сумен жабдықтау, жылумен жабдықтау, көгалдандыру және санитариялық тазарту мәселелері жөніндегі шағымдары туралы берген ақпаратына егжей-тегжейлі талдау жүргізу;

азаматтардың өтініштерін талдау нәтижелері бойынша қабылданған шаралар және көрсетілген кемшіліктердің себептерін жою жөніндегі жоспарлар туралы жауап ұсыну;

ыстық және суық суды жиі ажыратудың негізгі себептерін анықтау, жоспарланған сумен жабдықтауды ажырату туралы халықты хабардар ету регламентін әзірлеу, барлық қолда бар инженерлік желілерге түгендеу жүргізу;

электр беру желілері мен жабдықтардың жай-күйіне мониторинг жүргізу және ескірген инженерлік желілерді жаңғырту;

жылумен жабдықтаудың жиі ажыратылу себептерін анықтау, тұрғын үйлерге қызмет көрсететін басқарушы компаниялармен түсіндіру жүргізу, оның ішінде жылумен жабдықтаудың жоспарлы ажыратылуы туралы тұрғындарды алдын ала хабардар ету қажеттілігі туралы түсіндіру жұмыстарын жүргізу;

жылу желілерін қайта жаңарту, жаңғырту, салу жөніндегі жұмыстарды қабылдау кезінде «Астана-Теплотранзит» АҚ авторлық және техникалық қадағалау тарапынан бақылауды күшейту;

соңғы үш жылдағы ағаштардың өтемдік отырғызылуына талдау жүргізу және барлық құрылыс салушылардың өтемдік отырғызу және екпелерді күту жөніндегі міндеттерді тиісінше орындауын қамтамасыз ету;

Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес аудандық әкімдіктердің жасыл желектер тізілімін жүргізуі, дендрологиялық жоспарлар әзірлеуі, сондай-ақ жасыл желектердің бухгалтерлік есебін жүргізуі бойынша тиісті жұмысты қамтамасыз ету;

көгалдандыру жобаларын орындау кезінде сатып алынған құрылыс жұмыстары мен тауарлардың құнын көтерудің себептерін анықтау және жою;

бюджеттік өтінімдерді ұсыну кезінде жасыл желектерді көгалдандыру және күтіп ұстау бойынша шығындарды негіздейтін есептерді ұсыну қамтамасыз етілсін. Бюджеттік өтінімдерді қалыптастыру кезінде құрылыс салушылардың өтемдік қонуын ескеру;

ең заманауи ғылыми әдістерді пайдалана отырып, Есіл, Ақбұлақ және Сарыбұлақ өзендерін санитариялық тазарту жөніндегі жұмысты қамтамасыз ету;

иесіз электр беру желілері мен қосалқы станцияларды астананың коммуналдық шаруашылық теңгеріміне беруді бақылауды қамтамасыз ету;
 жазғы уақытта бизнеске арналған алаңдарға айналатын саябақтардың, скверлердің санитариялық жай-күйіне бақылауды күшейту;

Ойын-сауық мекемелерінің жұмыс регламентін дайындау, онда барлық мүдделі ұйымдардың жауапкершілігін егжей-тегжейлі ашып көрсету, осылайша демалыс уақытын ұйымдастырумен айналысатын ШБ субъектілерінің қызметін реттеу;

әлемдік тәжірибені зерделеп, кейбір объектілерді қысқы кезеңде тоқтатып қою бойынша тәжірибені іс жүзінде қолдану ұсынылсын.

3. Осы қаулының орындалуы бойынша ақпаратты қалалық мәслихатқа бір ай мерзімде ұсыну қамтамасыз етілсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Нұр-Сұлтан қалалық мәслихатының құрылыс, экология, көлік, сауда және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясына жүктелсін.

Нұр-Сұлтан қалалық мәслихатының құрылыс, экология, көлік, сауда және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясының төрағасы




Б. Қотырев

Нұр-Сұлтан қалалық мәслихатының бюджет, экономика, өнеркәсіп және кәсіпкерлік мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясының төрағасы



Н. Көпешов

Нұр-Сұлтан қалалық мәслихатының заңдылық, құқық тәртібі және жұртшылықпен жұмыс мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясының төрағасы



Т. Нәрікбаев

Нұр-Сұлтан қалалық мәслихатының әлеуметтік-мәдени даму мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясының төрағасы



А. Табулдина